

Екібастұз қаласы халқының нысаналы тобындағы азаматтарды жұмыспен қамту саласында әлеуметтік қорғау бойынша 2012 жылға арналған қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 06 қаңтардағы N 21/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 31 қаңтарда N 12-3-316 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің аппарат басшысы 2013 жылғы 29 қаңтардағы N 24/1-23/88 хаты)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің аппарат басшысы 29.01.2013 N 24/1-23/88 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы " Заңының 5, 7, 18-1, 18-2-баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 836, 2011 жылғы 18 шілдедегі "Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасын бекіту туралы" N 815 қаулыларына сәйкес және халықтың нысаналы тобындағы жұмыссыздардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету мақсатында, Екібастұз қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Еңбек нарығындағы жағдайға және қолдағы бюджеттік қаражаттарға сүйене отырып, нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі б е л г і л е н с і н :

- 1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 2) әйелдер үшін елу жастан жоғары және ер адамдар үшін елу бес жастан жоғары тұлғалар;
- 3) ұзақ уақыт (бір жылдан аса) жұмыс істемеген тұлғалар;
- 4) отбасында бір де бір жұмыс істейтін адамы жоқ тұлғалар;
- 5) "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік

мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жолдамасы бойынша кәсіби даярлау және қайта даярлау курстарынан өткен жұмыссыздар.

2. Жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау бойынша келесідей қосымша шаралар б е л г і л е н с і н :

1) халықтың нысаналы тобындағы жұмыссыздар үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырып, жұмыс берушінің шығынына ішінара өтемақы төлеу үшін қалалық және республикалық бюджеттерден субсидия беру түрінде қаржыландыруды қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) орта және жоғары білім алғаннан кейін, техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдардың түлектерінен жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін "жастар тәжірибесін" ұйымдастырып, жергілікті бюджет қаражаты мен республикалық бюджеттен бөлінетін трансфертер есебінен қаржыландыруды қ а м т а м а с ы з е т у .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары А.Қ. Мардановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі *A. Вербняк*